



# ТУРАЛЫ- ҚАЗАЛЫ

№47  
(2218)  
Сәрсенбі  
5 маусым  
2024 жыл

Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

## ЖАСА ҚАЗАҚ ӨНЕРІ

Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында «Қазақстан Композиторлар Одағы шақырады» атты Қазақстан Композиторлар Одағының 85 жылдығы мен Қазалы аудандық Қорқыт ата атындағы өнер мектебінің 60 жылдық мерейтойына арналған «Жаса қазақ өнері!» атты гала-концерт өтті.

Концертке аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет және елімізге белгілі композиторлар қатысты.

Гала-концерт алдында аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет сөз сөйлеп, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын оқып беріп, Қазақстан Композиторлар Одағына 85 жыл, Қорқыт ата атындағы өнер мектебіне 60 жыл толу мерекесіне орай өткізіліп жатқан мерейтоймен Одақ мүшелері мен өнер мектебінің барша ұжымын шын жүректен



құттықтады.

Сонымен қатар, Қазақстан Композиторлар Одағының төрағасы Серікжан Құттымбетұлы Әбдінұров бастаған Одақ мүшелеріне облыс әкімінің, аудан әкімінің «Алғыс хаттарын» табыстады.

Қазақстан Композиторлар Одағына және Қорқыт Ата атындағы өнер мектебіне облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен облыстық білім басқармасы басшыларының құттықтаулары табыс етілді.

Гала-концертте өнер мектебінің шәкірттері мен ұстаздары және «Мырза» атындағы халық аспаптар оркестрі композиторлардың танымал шығармаларын орындап, көрермендерді керемет әсерге бөледі.

Гала-концертке Қазақстан Композиторлар Одағының мүшелері: Ермұрат Үсенов, Балнұр Қыдырбек, Бейбіт Дәлденбай, Төлепберген Тоғжанов, Аманжан Исмагулов, Еркін Нұрымбетов, Дана Жұмабекова, Кеулімжай Ботабаев қатысты.

Концерт соңында Қазақстан Композиторлар Одағының төрағасы Серікжан Құттымбетұлы сөз сөйлеп, киелі Қазалы жұртшылығына ризашылығын білдіріп, концертке белсене атсалысқан азаматтарды «Алғыс хаттармен» марапаттады.

**Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,**  
**«Тұран-Қазалы»**

## АУДАН ӘКІМІ ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАР ОДАҒЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ МЕН ОДАҚ МҮШЕЛЕРІН ҚАБЫЛДАДЫ



-Биыл қазақ кәсіби музыкасының тұрақтап дамуына, кешегі халық мұрасын бүгінге дейін жеткізіп, тарихы қазақ халқының өмірімен тығыз байланысып жатқан Қазақстан Композиторлар Одағының құрылғанына 85 жыл толып отыр. Ал біздің киелі өңірдегі талай дарындарды өнер әлеміне қадам бастырған Қорқыт Ата атындағы өнер мектебіне 60 жыл толып отыр. Осыған орай бірнеше

күннен бері ауданда Қазақстан Композиторлар Одағының өнер мектебінің бірлесуімен республикалық музыкалық фестиваль аясында түрлі іс-шаралар өтуде. Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет мерейтойға орай ауданға арнайы келген Қазақстан Композиторлар Одағының мүшелерін қабылдап, мерейтоймен құттықтады. Қабылдау барысында Қазақстан Композиторлар Одағының төрағасы

Серікжан Құттымбетұлы аудан басшысына одақ мүшелерін таныстырып, қасиетті Қазалы төрінде жоғары деңгейде өтіп жатқан іс-шаралар үшін шынайы алғысын жеткізді. Аудан әкімі де ел мәдениеті мен өнерінің, қазақ музыка өнерінің дамуына, оны бүгінгі ұрпаққа насихаттау жолында аянбай еңбек етіп жүрген Қазақстан Композиторлар Одағы мүшелері мен Қорқыт Ата атындағы өнер мектебі ұжымына ризашылығын жеткізіп, мерейтоймен құттықтады. Сондай-ақ ежелден өнер қонған қасиетті Қазалы төрінде мұндай республикалық деңгейдегі шаралардың әлі де жалғасын таба беретіндігін жеткізді.

## КОМПОЗИТОРЛАР ОДАҒЫНЫҢ БАСПАСӨЗ БРИФИНГІ

Биыл Қазақстан Республикасы Композиторлар Одағының құрылғанына 85 жыл, ал киелі Қазалы өңіріндегі Қорқыт Ата атындағы өнер мектебіне 60 жыл толып отыр. Осыған орай Қазалы ауданында бірнеше күннен бері мерейтойға байланысты бірқатар салтанатты шаралар өтті.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз орталығында Қазақстан Республикасы Композиторлар Одағының мүшелері мен БАҚ өкілдерінің қатысуымен баспасөз брифингі өтті.

Брифинг спикерлері: Қазақстан Композиторлар Одағының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серікжан Әбдінұров, Қазақстан Композиторлар Одағының құрметті төрағасы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Балнұр Балғабекқызы Қыдырбек, Қазалы ауданының Қорқыт Ата атындағы өнер мектебінің директоры, Қазақстан Композиторлар Одағының мүшесі Сәукен Әлмәмбетұлы Әліш қазақ кәсіби музыкасының тұрақтап дамуы, халық мұрасын бүгінге дейін жеткізген Қазақстан Композиторлар Одағының тарихы жайында сөз қозғады. Сонымен қатар, брифингте 60 жылдық тарихы бар Қорқыт Ата атындағы өнер мектебінің бүгінгі тынысы жайында да айтылды.

Брифингте Қазақстан Композиторлар Одағының мүшелері сөз алып, Қазақстан Композиторлар Одағының республикалық деңгейдегі мұндай ауқымды шаралары Қазалы ауданында алғаш рет ұйымдастырылғанын айтып, Қорқыт Ата атындағы өнер мектебінің ұжымы мен барша қазалылықтарға шынайы алғыстарын жеткізді.

**Қазалы ауданы әкімдігінің  
баспасөз қызметі**

## АУДАН ӘКІМІ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ САЛАЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҚАТАҢ СЫНҒА АЛДЫ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен аудандағы мәдениет және спорт саласындағы атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы межеленген жоспарларды талқылауға қатысты арнайы мәжіліс өтті.

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында өткен жиынға аудандағы мәдениет үйлері мен ауылдық клубтардың, спорт мектептері мен кешендердің директорлары мен қызметкерлері қатысты.

Күн тәртібінде көтерілген мәселелер бойынша аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Болат Жолтаев пен аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Орысбек Жәмшейітов баяндама жасады.

Аудан басшысы алдымен мәдениет саласындағы жұмыстарға тоқталып, аймақ басшысының бастамасымен қолға алынған «Адал адам» рухани-мәдени орталықтарының жұмысының өз деңгейінде жүргізілмей жатқандығын қатаң сынға алды. Сондықтан аудан орталығымен қатар барлық ауылдық округтерде жобада көрсетілген жеті бағыт бойынша жұмыстарды жандандырып, ауыл-аймақтағы қаншама өнерлі жастарға қолдау көрсетіп, олардың талантын ашуда жұмыс атқаруды тапсырды. Сонымен қатар жыл сайын жоспарға сәйкес өтетін шаралардан бөлек, әрбір мәдениет үйлері жанындағы үйірмелердің жұмысын жандандыруды

міндеттеді. Сонымен қатар кітапханалардың, өлкетану музейлері жұмыстарының өз деңгейінде жүргізілмей жатқандығын жеткізіп, мұндай рухани орындарға тұрғындардың әсіресе жастардың қызығушылығын ояту бағытында бірлесе жұмыс істеуді қолға алуды тапсырды.

Мұнан соң аудан басшысы спорт саласына тоқталып, мұндағы жұмыстардың басты көрсеткіші – спортшылардың жетістіктері мен бағаланатындығын айтты. Осы орайда бөлім басшысына биыл Сырдария ауданында өтетін ауыл спортшыларының спартакиадасында жалпыкомандалық есеп бойынша жоғарғы нәтиже көрсетуге аян-

бай жұмыс істеу керектігін ескертті. Сонымен қатар ауданда ұлттық спорт түрлерін дамыту мен «Арт спорт» жобасына қатысушылардың үлесін арттыру, тұрғындар арасында кеңінен насихаттау бағытында да нақты тапсырмалар берді.

Мәжіліс соңында аудан басшысы тиісті сала басшыларымен әкімдерге мәдениет үйлері мен клубтардың, спорт мектептері мен кешендердің аумақтарында санитарлық-тазалық, абаттандыру жұмыстарын ұдайы жүргізуді тапсырды. Ал аудан орталығы мен барлық ауылдық округтердегі жасанды спорт және ойын алаңдарының жай-күйін саралап, алаңдарды уақытылы күтіп ұстауға қатысты бірқатар тапсырмалар жүктеді.

## ФЕСТИВАЛЬДЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ

Әйтеке би кентіндегі Қорқыт Ата атындағы өнер мектебінде «Қазақстан Композиторлар Одағы шақырады» атты Қазақстан Композиторлар Одағының 85 жылдығы мен Қорқыт ата атындағы өнер мектебінің 60 жылдығына арналған республикалық музыкалық фестивальдың ашылу салтанаты өтті.

Шараға аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов, облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бектұр Қалиев, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз

Әліш, Қазақстан Композиторлар Одағының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серікжан Әбдінұров, Қазақстан Композиторлар Одағының құрметті төрағасы Балнұр Қыдырбек және композиторлар одағының мүшелері: Ермұрат Үсенов, Бейбіт Дәлденбай, Төлепберген Тоғжанов, Аманжан Исмагулов, Еркін Нұрымбетов, Дана Жұмабекова, Кеулімжай Ботабаев, Қазалы аудандық Қорқыт ата атындағы өнер мектебінің директоры, Ы.Алтынсарин сыйлығының

иегері, Қазақстан Композиторлар Одағының Басқарма мүшесі Сәукен Әліш қатысты.

Фестивальдың ашылуында аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов, облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бектұр Қалиев сөз сөйлеп, өнер майталмандарын қос мерекеміз құттықтады. Одан соң Қорқыт Ата атындағы өнер ұжымының ұстаздары аудан әкімінің, облыстық білім басқармасы басшысының «Алғыс хаттарымен» марапатталды.

Салтанатты шараға қатысушы қонақтарды аудандық Қорқыт Ата өнер мектебінің шәкірттері домбырамен төгілте ән шырқап, керемет көңіл-күймен қарсы алды. Одан соң композиторлармен үлкен басқосу өткізілді. Өнер мектебінің ұстаздары өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауап алды.

Шара соңында өнер майталмандары жеке-жеке шеберлік сағаттарын өткізді.

**Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,  
«Тұран-Қазалы»**

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ



Бала өмірдің –гүлі, еліміздің болашағы. Ұлтымыздың жалғасы балаларға жан-жақты тәрбие беріп, оны өнер-білімге баулу-бүгінгі күнде барлығымыздың басты міндетіміз.

1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күні. Бұл барлық бала асыға күтетін мереке.

Әйтеке би кентінде 1 маусым –Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесі аталып өтті. Мере-

кеге аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов бастаған қонақтар қатысты.

Мерекке қатысушылар мектеп оқушылары мен өнерлі балалардың қолдан жасалған бұйымдары мен салған суреттерінің көрмесін тамашалады. Қонақтар дарынды балалардың жасаған бұйымдарына оң бағасын беріп, алдағы уақытта үлкен жетістіктерге жетуіне та-

быс тіледі.

Ұйымдастырылған шарада аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов сөз сөйлеп, барша балаларды мерекеміз құттықтады.

Мерекелік шара әрі қарай ауданымыздың атын елге өнерлерімен танытып жүрген балалардың ән шашуларымен, мың бұралып билеген концерттік бағдарламасымен жалғасын тапты.

**Ұлпан ІБРАШ,  
«Тұран-Қазалы»**

## ӘЛЕМ – БАЛАЛАРМЕН МЕЙІРІМДІ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай жеке кәсіпкер Сәкен Құлпыбайұлы аудандағы ерекше балаларға арнап «Әлем - балалармен мейірімді» атты қайырымдылық шарасын өткізді.

Игі шараға арнайы барған аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов бұлдіршіндерді мерекеміз құттықтап, мерекелік шараны өткізген кәсіпкерге аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің «Алғыс хатын» табыстап, шынайы ризашылығын жеткізді.

Жиынға келген ата-аналар балаларға жылы лебізін жеткізіп, Сәкен Құлпыбайұлына және әлеуметтік қызметкерлерге ризашылықтарын білдірді.

– Бүгін ерекше күн болды. Балаларымыз қуанып қалды. Керемет көңіл-күй сыйлаған кәсіпкерге алғысымыз шексіз. Несібесі молайып, кәсібі өркендей берсін деген тілек білдіреміз, – дейді бір топ ата-ана.

Мерекелік кеште балалар ән айтып, би билеп, көңіл көтерді. Сондай-ақ, тегін таратылған балмұздақтан дәм татып, үлестірілген ойыншықтарды алып, ерекше әсерге бөленді.

Айта кетейік, мерекелік дастарханға Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы және барлық ауылдық округтерден мүмкіндігі шектеулі балалар, үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінен қызмет алушы 112 бала қатысты.

**Қазалы ауданы әкімдігінің  
баспасөз қызметі**

## ҚИЫН ТАҒДЫРЛЫ АЗАМАТ

Тағдыр талқысы Бақыт Бодықовты ерте есейтті. Өмірден сабақ алуға дағдыландырды. Шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап, өмір мұның маңдайынан сипай қоймады. Бұл өмірге қадам басардан бұрын қандай себептердің болғаны белгісіз әкесі мен анасы ажырасқан. Және де есі әлі кіріп, жан-жағын болжайтын жасқа келмей жатып анасы Шұға өмірден озған. Осылайша мұның болашақ тағдыры амалсыз нағашы атасы мен әжесіне табысталған.

Құдай куә, ауыл адамдары да сезіп біледі ғой, нағашылары да жиен деп сыртқа теппей, қызымыздың көзі деп, өз балаларынан кем қылмай бағып-қағып өсірді. Ақылын айтып, болашағына дұрыс жол сілтеді. Алла сездіреме еркелігін тежеп, әлде табиғатынан жайлы мінезді ме әйтеуір балалық бұзақылық жасап, ата-әжесін ұятқа қалдырған жоқ. Үлкендердің ақыл-кеңесін тыңдап, жастайынан жақсы істерге үйірлеу болды. Тәрбиелі болып ержетіп, кейіннен отбасын құрғанда да келіншегі екеуі нағашыларының еңбегін бағалап, оларға адалынан қызмет көрсетті. Қалайда қарт кісілердің көңілдерін қалдырмауға барынша тырысып бақты.

Есейген шақта анасының мәңгілік мекеніне ертерек қоныс тепкенін білгенімен әкесі жайынан хабарсыз еді. Тек, бір есте қалғаны жас кезінде біреулер сені іздеп келіпті деген соң жат кісілерден қашып, ауылдан ұзап бой тасалағаны барды. Кейін білді ғой мұны іздеп келген әкесінің туыстары екен. Нағашысы ыңғай бермеген соң кідірмей қайтып кетіпті. Бар білетіні сол ғана. Нағашы атасы бұның әкесі туралы ешқашан сөз қозғамайтын. Сондықтан олардың көңіліне қарап бұл әкесі туралы әңгіме айтпайтын. Нағашысы қаламаған адамды жақын тұту бұл үшін сатқындық болар еді. Осылайша әкесі санасынан өшірілген.

Нағашы атасының бұған айтқан бір ескертпесі мәңгілік жадында сақталған-ды. Ол Бақытқа: «Ертең есейіп азамат болған соң анаңның зиратының басына барып ескерткіш белгі қой. Бұл сенің перзенттік парызың. Осыны есінде сақта» -деген. Айтқандай-ақ, мектеп бітіріп қызмет істеп, совхоздың құрылыс проробы қызметіне көтерілгенде анасының басына барып қайтуды басты мақсат етіп қойды. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының бірінде еңбек демалысын алып, шұғыл сапарға жиналды. Тек, «Анамның мүрдесі жатқан жерді таба алсам жарар еді», -деп қобалжып, толқып, мазасызданды. Деседе тәуекелге бел буды. Қарақалпақ АССР-ының астанасы Нүкіс қаласына ұшақпен ұшып барды. Одан әрі Шымбай қаласына көлікпен жол тартты. Қойын кітапшасына жазып алған

адрес бойынша Рахман есімді рулас ағасының үйін іздеп тапты. Амандық саулықтан соң өзін таныстырды. Келген мақсатын айтты. Ағайынның қадірі осын-дайда көрініс береді ғой. Бәрі мұның талабына қолдау көрсетіп жатыр. Ертеңіне Рахат есімді ағасына еріп, Шымбай қаласының солтүстік батысындағы ескі үлкен қорымды ұзақ аралап, ағасы анасының жерленген орнын тауып берді. Бейіт ертеректе ағаш шартқтармен қоршалған екен. Анасының жерленген орнын көргенде көз жасына ие бола алмады.

Елес бейнесі жадында жоқ болса да зираттың топырағына тәу етіп, сартап сағыныштан ағыл-тегіл жылады-ай кеп. Анасына сағынышын көз жасымен жуды.

-Ал, аға, апалар маған айып тақпаңыздар, -деді Бақыт бейіт басынан оралған соң анасының көзін көргендер алдында толқи сөйлеп. -Кеште болса анамның рухына тағзым етуге келдім. Шынымды айтайын анамның бейітінің басына келіп кетуді перзенттік борышым санап жүр едім. Мен анамның бейнесінде елестете алмаймын ғой. Тек, нағашы атамның айтуы бойынша жобалаймын. Бүгін кеште болса сіздердің көмектеріңізбен анамның бейітін таптым. Мені кешіріңіздер. Рахмет, сіздерге.

-Ой, айналайын -ай, бұл ісің азаматтық, анаңа деген перзенттік борышың, -деді қартаң кісі.

-Орнында бар оңалар деген осы, -деп ақшашты ана оны қуаттады.

-Шырағым, анаң Шұғаның жалғыз көзі екенсің ғой...

-Қарағым, анаңның рухына тағзым ете келгенің жөн болды десті ағайын, туыстары.

-Мұнда келгендегі мақсатым анамның қабірінің басына ескерткіш белгі қойып, ас беру.

-Мұның жөн шырағым. Бұл имандылықтың белгісі. Бұл талабыңа осындағы туыстарың қуанып отыр. Ескерткіш белгіні жасайтын шеберді тауып та береміз, көмектесеміз, -деді туыстарының жасы үлкені.

-Рахмет, ағалар, -деді Бақыт шын көңілден қуанып.

Бақыт ағайын-туыстарының жөн сілтеуімен Нүкіс қаласындағы Керімсал есімді шеберге ескерткіш белгі жасатты. Оны көлікпен Шымбай қаласындағы Рахман ағасының үйіне алып келді. Соны көрген сырттан келген кейуана «Ескерткіш белгі кімдікі» деп үй иесінен қадалып сұрамасы бар ма?

-Ау, есіндеме, баяғы өзің білетін Шұға ше, соның баласының анасының қабірінің басына қоюға жасатып әкелген ескерткіш белгісі, -деді үй иесі.

-Кімді айтасың... Е, енді түсіндім, өзіміздің марқұм Шұғаның баласы екенсің ғой, қарағым. Шұғаның өзі болма-сада көзі болдың ғой. Анаңнан ес білмей ерте қалып едің. Орнында бар оңалар деген, Әй, әкеңде осында тірі жүр, -деп

кейуана көзіне жас алды.

Сол сәт Бақытқа қарияның «Әкеңде тірі жүр» деген сөзі өзі мүлде күтпегендіктенде болар оқыс әсер етті. Мазасыздана түсті, себебі, әкесін әлдеқашан о дүниелік адамдар қатарына жатқызып қойған-ды. Егер тірі болса, баласын іздемегеніне қарағанда тас бауыр біреу болғаны да. Нағашысы да анасының ажырасуына әкесін кінәлі санайтын-ды. Кенет бойында әкеге деген жиіркенішті сезім бой көтеріп, сабырлығын жеңіп бара жатты. Сабасына түскен соң әкесіне жолығайын, қатігездігін, кінәсін бетіне басып деп тоқтамға келді.

Қазалылық құрылысшы азамат осы сапарына риза. Ойға алған мақсаты орындалып, ана қабірінің басына ескерткіш белгі орнатып, мал сойып, ас беріп, ана рухына бағыштап құран оқыттырды.

Астан соң Бақыт үй иесі Рахман ағасына бұрылып қарап, ойласқандай болып;

-Аға, мен осында анамның рухына тағзым ету үшін келгенмін. Басқа ниетім болған жоқ. Алайда кездейсоқтықпа, әлде тағдыр солай тоғыстырғысы келіп тұрма, әкемнің тірі екенін естіп білдім. Сіздер қалай ойлайтындарыңызды білмеймін. Мен әкеммен кездесіп кетсем деп отырмын. Бұған сіздер қалай ақыл қосасыздар, -деді.

-Өзің біл, қарағым. Өзің солай ұйғарсаң, біз қарсы емеспіз. Бірақ, әкең өкпе артып, араздаспай-ақ, қой балам. Бәріде өткен іс қой..., -деді Рахман ағасы.

-Осы Шымбай қаласында әкеңнің інісі тұрады, -деді туыстарының бірі.

Бақыт туыстарының айтуымен әкесінің інісінің үйіне барды. Әкесінің үйінің адресін сұрап білуі үшін. Үй иесі қызмет бабымен сапарлап кетіп, зайыбы бар екен.

-Жеңеше мен Қазақстаннан келген қонақ едім. Маған Нұрылданың үйінің адресі керек еді, -деп келген шаруасын айтты.

-Оның сізге не керегі бар?

-Ол кісімен кездесуім керек.

... Сен үлкен қайынағаның баласы емессің ба?, -деп ол бұған сұраулы жүзбен таңдана қарады.

-Болсақ болармыз...

-Ой осында апаң бар. Соны шақыртайын.

-Жоқ, ешкімді де шақырмай-ақ қойыңыз. Маған Нұрылданың үйінің адресін берсеңіз болады, -деп Бақыт асығыстық танытты.

Жеңгесі мұным қалай болар екен дегендей сәл ойланып отырды да ықылассыздау үй адресін жазып берді.

Жеңіл көлікке отырып Нүкіс қаласын бетке алды. Қаланың кірпіш заводы жақ беткейіндегі жеке шарбағы бар үйді адрес бойынша іздеп тапты. Таксистпен есептесті де қақпаны ашып үйге кірді. Ауладағы сәкінің үстінде бір кісі газет оқып отыр екен. Әкем боларсың деп жорамалдады. Жақын келіп

сәлемдесті.

-Нұрылданың үйі осы ма?

-Иә, осы үй.

-Маған Нұрылда аға керек еді?

-Нұрылда деген ағаң менмін, шырағым. Төрге шық. Шаруаң менде болса айта отыр інім.

-Мен Қазақстаннан келген қонақ едім. ... Сіз мені танымадыңыз ба?-деп толқи сөйлеп әке жүзіне қарады.

-Танымадым қарағым, айып етпе, -деп Нұрылда қонағына байыптап зер салды.

-Сіздің Қазақстанда туыстарыңыз бар ма? Бақыт деген балаңыз болды ма?

-Қазақстанда қазір туыстарым жоқ. Ал, Бақыт деген балам болған. Ол жол көлік апатынан қайтыс болды.

-Оның қайтыс болғанын қалай білдіңіз?

-Баламды өзім көрген емеспін. Бірақ ертеректе осы жақтан Қызылорда облысынан мал сатып алуға барған адамдар арқылы сұрастырып білгенмін. Олар балаң қайтыс болыпты деген қайғылы хабар әкелді.

Бақыт бұдан әрі әкесімен тәжікелесіп отыруға төзімі таусылып, шыдамы жетпеді. Тоқ етерін бір-ақ айтты...

-Сол қайтыс болған балаңыз, алдыңда отыр...

Ах, әкесі оқыс дауыс шығарып, төсекке қисая берді.

Бақыт не істерін білмей, тосын жағдайдан абдырап, орнынан атып тұрды. Әлгінде қақпадан үйге кіргенде естияр балалардың жүргенін байқаған. Жүгіріп барып соларды көмекке шақырды. Олар дереу жүгіріп келіп, папалап шырылдап, жанталасып көмекке ұмтылды. Әкесін тікейтіп отырғызып, дәрі ішкізді. Ес жиған әкесі сәлден кейін басын көтеріп, өзіне келіп, жүрек жағын қолымен сипалай берді. "Жүрегімнің ауыратыны бар еді", -деп Бақытты бауырына қарай тартты. Әке жанарынан моншақ-моншақ жас тамшылары домалап үзіліп түсіп жатты. Бақытта қаншама қатуланып, көктеріп келгенімен, көңілі босап, жанарына жас үйірілді.

-Әйтеуір біреуге ұқсатып едім. Осы тұрғанда Шұғаға ұқсаттым, -деді әкесі ауыр күрсініп.

Үйде екінші анасы жоқ екен. Інісі үйленіп, тойға кеткен. Әкесінің айтуынша үш ұл, үш қызы бар. Балаларымен таныстырды.

Бір-бірін отыз жылдан астам уақыттан бері көрмеген, тіпті көрместе еді, тек Алланың жазуымен шығар, кездейсоқ кездескен әкелі-балалы екеуі түнімен көз ілместен әңгімелесті. Көңілдегі өкпе, реніштер, даттаулар мен кінәлаулар, дәлелдер армансыз айтылды. Әйтседе өткен күннің өкінішін сараптап, ұзақ кінәласуға екеуі де дәрменсіз еді. Жүрек сыздады. Көңіл толқыды. Бүгінгі күннің қуанышы мен сынағы олардың жүрегіндегі тоңды жібіткен сыңайлы.

Шіркін-ай, бұл өмірде ана жесір, сәби әкесіз өспесе екен.

**Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

## БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ЛАГЕРІ

Демалыстың көркі-лагерь. Оқу жылы аяқталысымен мектеп оқушылары жазғы лагерлерге баруға асығады. Мектеп оқушылары үшін жазғы демалыс балалардың ағзасын сауықтандыруға, эмоционалдық, жеке тұлғалық, танымдық тұрғыда дамытумен қатар бала денсаулығымен өміріне қауіпсіз жағдай жасаудың маңызы орасан.

Оқушылардың көбі Қазалы қаласында орналасқан «Шағала» балаларды сауықтандыру демалыс орталығына баратыны белгілі.

«Шағала» балаларды сауықтандыру демалыс орталығы өз жұмысын ағымдағы жылдың 1 маусымынан бастайды. Мұнда аудан бойынша 875 бала жеті ауысыммен жазғы демалысын өткізеді. Алғашқы ауысымға қабылданған 125 оқушы лагерьде 10 күндік демалысын өткізіп, осылай лагерьге жолдама алған оқушыларды түгел қамтып шығады.

«Шағала» демалыс орталығының жолдамасы әрбір білім беру ұйымындағы аз қамтылған, атаулы әлеуметтік көмек алатын және басқа да әлеуметтік осал топқа жататын отбасы балаларына іріктеліп беріледі. Барлық жазғы сауықтандыру лагерлері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 10 тамыздағы санитариялық қағидаларын бекіту туралы "Балалардың сауықтыру



және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" № ҚР ДСМ-78 бұйрығының талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. «Шағала» балаларды сауықтандыру демалыс орталығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-84 бұйрығымен бекітілген "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" нысан бойынша санитариялық-эпидемиологиялық қортынды берілді.

Жазғы сауықтыру маусымының ашылуының алдында жөндеу-қалпына келтіру және профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып жүргізілді, оның ішінде үйлерді жөндеу жұмыстары, инженерлік

желілердің, желдету және ауа баптау жүйелерінің жұмыс істеу тиімділігін тексеру, ауыз суды зерттей отырып, сумен жабдықтау құрылыстары мен желілерін профилактикалық жуу және дезинфекциялау, аумақты тазалау және абаттандыру, қолдануға рұқсат етілген және Еуразиялық экономикалық одақтың мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерінің бірыңғай тізіліміне енгізілген дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық құралдарды қолдана отырып, профилактикалық дезинфекциялық және дератизациялық іс-шаралары жүргізілген. Балалар мен жасөспірімдер арасында жұқпалы аурулардың және жаппай тамақтан уланудың алдын алу және балалардың сауықтыру лагерінде сапалы тамақпен қамтамасыз ету

мақсатында ҚР ДСМ 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ -16 бұйрығымен бекітілген "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкес қамтамасыз етілген. Лагерьге қажетті көмек көрсету үшін медициналық персоналдың болуы қарастырылған. Персоналдар, міндетті медициналық тексеріп-қараудан, гигиеналық оқытудан өткені және жұмысқа жіберілгені туралы белгілері бар, өзінің жеке медициналық кітапшалары жұмыс орнында сақталған.

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мамандары ағымдағы жылдың наурыз және мамыр айында «Шағала» балаларды сауықтандыру демалыс орталығының қызметкерлерінің арасында эпидемиологиялық жағдайларға дайындық деңгейін арттыру мақсатында 2 семинар, 1 дөңгелек үстел өткізді. Сонымен қатар, демалуға келген балалардың арасында да «Тамақтан уланудың алдын алу» және «Жіті ішек инфекциясының алдын алу» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

**Әйгерім БЕКТҮРҒАНОВА,**  
**Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы**

### БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ АТА-АНАЛАР ЖАУАПТЫ

Балалардың терезелерден құлауы жиі қайталануда. Құлау себептері:

Балалардың терезеден құлау жағдайларын талдау барысында ата-аналардың баланы ашық терезенің жанында пәтерде жалғыз қалдыратыны нақтыланған. Көптеген үйлерде заманауи шыны пакеттер пайдаланылуымен де байланысты. Егер терезе москит торымен жабдықталған болса, онда ол екі есе қауіпті болады. Ата-аналар торды қорғаушы деп қате санайды. Бірақ балалар торды қорғаныс бөгет ретінде қабылдайды және оған сүйеніп, терезеден онымен бірге құлап кетеді.

Ересектердің назарына: Терезенің жанында жиіаз болмауы керек, ол баланың терезеге оңай шығуына

мүмкіндік береді. Бала ешқашан терезесі ашық бөлмеде қараусыз қалмауы қажет. Статистика сүйенсек балаларды қысқа уақытта қараусыз қалдырғанда құлау жағдайларының көп орын алатынын көрсетеді. Бірақ ересектердің қырағылығына ғана сенуге болмайды: бала биіктік қауіпті екенін өзі түсінуі тиіс. Терезе алдында ойнауға тыйым салу керек, терезеге дұрыс қарауға үйрету керек. Ересектер балаларды терезеге шығармауы тиіс. Балалар ата-аналардың мінез-құлқын әрдайым қайталайды.

Құрметті ата-аналар! Балалардың қауіпсіздігі сіздің қолыңызда!

**Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі**

### СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Жеке және заңды бөлімі» республикалық тұлғалардың құқықтары мен мемлекеттік мекемесінде 8 заңды мүдделерін қорғау және (724 38) 22-1-51 сенім телефоны жұмыс істейді. Сонымен қатар жоғарғы тұрған орган – Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментінің 8 облысының Төтенше жағдайлар департаменті, Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар

«Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылдың II – тоқсанында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

| Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы, аты - жөні                          | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты               | Мемлекеттік органның мекен – жайы, қызметтік телефоны                            |
|----------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------|
| Бөлім бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Калиев Алтынбек Сауытбекович | Әр аптаның жұма күні сағат 10.00-12.00 15.00-18.00 | Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Төрешұрат жырау көшесі, №16 үй 8(724 38) 22-1-51 |

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР**  
**Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР**  
**Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.